

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 171 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 шілдеде № 5700 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелеріне 1 (бір) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Таскуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш ауданының әкімі

М. Отаршиев

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
"7" шілдедегі 2020 жылғы
№ 171 қаулысына қосымша

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану үшін қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің көлемдері

№	Жер пайдаланушылар атауы	Қауымдық сервитуттың әрекет ету көлемі (гектар)	ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер	оның ішінде:				
				егістік	оның ішінде:	көп жылдық екпелер	шабындық	жайылым
					суармалы егістік			

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Құркелес ауылдық округі	2,6112	1,0814	0,8884	0,8884	-	-	0,193
2	Қызылжар ауылдық округі	1,0512	0,182	0	0	-	-	0,182
3	Қабланбек ауылдық округі	1,4534	0,6556	0,6384	0,6384	-	-	0,0172
4	Жібекжолы ауылдық округі	0,5582	0,1050	-	-	-	-	0,1050
5	Дербісек ауылдық округі	0,0195	0,0195	-	-	-	-	0,0195
6	Жемісті ауылдық округі	1,0225	0,5948	-	-	-	-	0,5948
7	Ақжар ауылдық округі	1,3472	-	-	-	-	-	
8	Сарыағаш ауданы бойынша	8,0632	2,6383	1,5268	1,5268	-	-	1,1115

кестенің жалғасы

соның ішінде:					
өзге жерлер	елді мекендердің жері	елді мекеннің мал жайылым жері	ортақ пайдаланудағы жерлер (жолдар, көшелер және алаңдар)	су қорының жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығын арналмаған өзге де жер
10	11	12	13	14	15
0	1,5298	-	-	-	-
0,018	0,7519	-	0,0993	-	-
0,0164	0,7814	-	-	-	-
0,0194	0,4338	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-
-	0,4277	-	-	-	-
-	1,3472	-	-	-	-
0,0538	5,2718	-	0,0993	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК